



Жасанды интеллект саласына мамандар даярланады

Алматыда Президент жанындағы Ұлттық ғылым академиясының президенті Ақылбек Күрішбаев Қытай Халық Республикасының Қазақстандағы елшісі Хань Чуньлинмен кездесті.

Кездесуге ҚХР Алматыдағы бас консулы Цзян Вэй, ғылым және білім жөніндегі консул Чжан Вэй, ғылыми зерттеу орталықтарының жетекшілері, ғалымдар қатысты.

Екі ел ғалымдары Чжэцзян технологиялық университеті, ҚХР жоғары технологиялық компаниялар тобымен бірлесіп ашылған «Қазақстан-Қытай ғылым және технологияны трансферлеу орталығының» жұмысымен танысып, ауыл шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін арттыру, суды

Қытай халықаралық зертханасының, Ланьжоу университетімен бірлесіп ашылған «Ақылды ауыл шаруашылығы орталығының» жұмыстарымен де танысты.

Қазақстан ғалымдары кейінгі екі жылдың ішінде Қытайдың ғалымдары және компанияларымен бірлесіп, бірнеше орталық, зертхана ашты. Соның бірі-Қытай ауылшаруашылық университеті және «Eavision» компаниясымен бірлескен Қазақстан-Қытай ауылшаруашылық дрондарын басқару бойынша зерттеулер мен оқыту орталығы.

ҰҒА президенті А.Күрішбаев бұл бастамалардың болашақта агросаланы дамытып, су ресурстарын басқару және бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу-

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Астанаға ресми сапармен келген Мажарстанның Сыртқы экономикалық байланыстар және сыртқы істер министрі Петер Сийяртомен кездесті.

Мемлекет басшысы дипломатқа ілтипат білдіріп, Қазақстан мен Мажарстан арасындағы стратегиялық серіктестіктің деңгейі жоғары екенін атап өтті. Сондай-ақ жоғары деңгейдегі саяси диалогтың дәйекті дамып, үкіметаралық ықпалдастықтың белсенді өркендеп келе жатқанына назар аударды.

Президент былтыр Будапешт қаласына жасаған мемлекеттік сапары аясында қол қойылған келісімдердің өз деңгейінде іске



Тоқаев Мажарстанның Сыртқы істер министрін қабылдады

асырылып жатқанына көңілі толатынын жеткізді. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, бұл уағдаластықтардың жүзеге асыру жан-жақты серіктестікті одан әрі тереңдетуге ықпал етеді. Мемлекет басшысы Мажарстан Премьер-министрі Виктор Орбанға ыстық ықыласын жолдады.

Петер Сийярто Қасым-Жомарт Тоқаевқа Мажарстан Премьер-министрінің сәлемін жеткізді.

Мажарстанның Сыртқы

істер министрі Астанаға сапары кезінде бұған дейін жоғары деңгейде қол жеткізілген уағдаластықтардың түрлі аспектілерін іске асыру жағдайын салалық министрліктермен және ведомстволармен талқылайтынын айтты.

Кездесуде екіжақты күн тәртібінің бірқатар өзекті мәселелері қарастырылды. Сондай-ақ сауда-экономикалық және инвестициялық салалардағы, энергетика және банк секторларындағы

өзара тиімді байланысты кеңейтуге ерекше мән берілді.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев пен Петер Сийярто халықаралық маңызды мәселелер бойынша пікір алмасты.

Кездесу соңында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қазақ-мажар қарым-қатынасын дамытуға қосқан үлесі үшін Петер Сийяртоны II дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады.



үнемдеу технологияларын дамытуға байланысты жобаларды талқылады.

Тараптар мұнымен қоса Чжэцзян технологиялық университетімен келісімге орай ашылатын «Кеңістіктік-уақыттық жасанды интеллект және тұрақты даму жөніндегі халықаралық бірлескен зертхананың» жобасымен танысып, жасанды интеллект және геоақпараттық жүйелер технологияларын қолдану арқылы су ресурстарын мониторинг жасау, табиғат апаттарының алдын алу, ауыл шаруашылығын цифрландыру және «ақылды егіншілік» технологияларын енгізудің өзектілігін атап өтті.

Хань Чуньлин мырза Қытай аграрлық университеті мен «Dayu Irrigation Group» компаниясымен бірлесіп құрылған «Құрғақ аймақтарда суды тиімді пайдалану бойынша Қазақстан-

ге, жаңа технологиялар трансфертін жүзеге асыруға, бәсекеге қабілетті мамандарды бірлесе даярлауға мүмкіндік беретінін атап өтті.

Өз кезегінде ҚХР елшісі Хань Чуньлин мырза екі ел арасындағы ынтымақтастықты дамытудағы оң нышандарға тоқталып, ғылым-білім беру орталықтары арасындағы байланыстарды тереңдету, Қытай технологиясын Қазақстанға енгізу арқылы ауыл, су шаруашылығын дамыту, экологиялық таза өнім алуға қатысты жобалардың іске асатындығына сенім білдірді.

Кездесу барысында Чжэцзян технологиялық университетімен жасанды интеллект саласындағы кадрларды даярлау жөніндегі Халықаралық институтын ашу мәселесі талқыланды.

«Созақ үні»-ақпарат.

ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ ДАМУДЫҢ КЕПІЛ-ӘКІМДЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ БАСТАЛДЫ

«Әкімдер мектебі» Президент жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының базасында, оның облыстардағы және республикалық маңызы бар қалалардағы филиалдары арқылы іске асырылады.

Оқыту жобасы экономика, мемлекеттік басқару, бюджеттік жоспарлау, коммуналдық меншікті басқару, цифрландыру, тәуекел-менеджмент, кәсіпкерлікті дамыту және инвестициялар тарту саласында 17 модуль мен 240 академиялық сағатты қамтиды.

2023 жылы аудандар мен облыстық маңызы бар қала әкімдерінің пилоттық сайлауы өтті. Барлық өңірлерде 45 әкім сайланды. Биылдан бастап барлық ауданның әкімі тікелей сайлау арқылы ғана қызметке кіріседі. Осыған байланысты, бүгінгі «Әкімдер мектебін» іске қосу уақтылы әрі орынды шешім деп санаймын. Біліктілікті арттыру бағдарламасы ауылдық аймақтар-



дың дамуына жаңа серпін беріп, халықтың тұрмыс деңгейін жақсартуға мүмкіндік береді», деді жиынға қатысқан вице-премьер Қанат Бозымбаев.

Айта кетейік, бұған дейін Мемлекет басшысы Үкіметтің кеңейтілген отырысында «Аманат» партиясының оң тәжірибесін ескере отырып, МҚІА-мен бірлесіп сайланған әкімдер мен түрлі деңгейдегі басшыларды кешенді даярлау бағдарламасын іске қосуды тапсырған болатын.

«AMANAT» партиясы

Партиялық бақылау жүргізілді

Созақ ауылындағы Созақ ауылдық округі әкімі аппаратының әкімшілік ғимаратының құрылыс жұмыстарына 2025 жылдың 13 ақпан күні «AMANAT» партиясы Созақ аудандық филиалы жанындағы Партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Б.Тұрғанбаев және Созақ ауданы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің бас маманы А.Иса, Созақ ауылы округі әкімінің орынбасары Ж.Байкөбектің қатысуымен мониторинг жүргізілді.

Мониторинг барысында құрылыс нысанының сырты толық қапталып біткен. Жылу қазандығы іске қосылмаған. Ішкі жұмыстардан бірінші қабат толық сыланып біткен, екінші қабат сылақ жұмыстарын бастауда. Терезе шынылары толық орнатылып біткен. Ішкі жылу батареялары орнатылған, іске қосылмаған. Ішкі әрлеу, сылау жұмыстарымен 6 жұмысшы адам айналысуда. Электр желілері тартылған. Еңбек күшін көбейту туралы ұсыныс айтылды және жұмысшыларды арнайы киіммен қамтамасыз ету жөнінде ұсыныстар берілді. Белгіленген кестеге сай, жұмысты үлгере алмау қаупі бар.

* * *

Төтенше жағдайды саралады



«AMANAT» партиясы Созақ аудандық партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Б.Тұрғанбаев пен комиссия мүшелері Г.Әлімбекова, С.Шардарбеков, Н.Майусова, Г.Есмұратова, Б.Нұрланов, Т.Абуовтың қатысуымен «Созақ ауданының төтенше жағдайлар» бөлімінің ұжымымен сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу жөнінде бірлескен іс-шара өткізілді.

Іс-шара барысында бөлім басшысы, азаматтық қорғау подполковнигі Ақбаев Қанат Алтынбекұлы мекеме қызметкерлерінің атқарған жұмыстары мен алда тұрған міндеттерін таныстырды. Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу жұмыстары туралы №11 өрт сөндіру бөлім бастығының міндетін атқарушы, Азаматтық қорғау аға лейтенанты Сартай Нұрасыл хабарлама жасап, ұжым мүшелерінің заң аясында жұмыс атқарып отырғандығы және сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу жұмыстарына сай жұмыс атқарып отырғандығы айтылды. Партиялық бақылау комиссия мүшелерінің тарапынан сұрақтар қойылып, қанағаттанарлық жауаптар алынды. Сөз кезегінде партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Тұрғанбаев Берік Мыңжанұлы сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу бағытында бірлескен іс-шараның нәтижелі болатындығына және ұжым мүшелерінің атқарып отырған жұмыстарына ризашылық білдіріп, сәттілік тіледі.

* * *

Жол ережесі басты назарда

«AMANAT» партиясы Созақ аудандық партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Б.Тұрғанбаев пен комиссия мүшесі Т.Абуовтың қатысуымен жылдық жоспарына сай, жол қауіпсіздік ережелерінің сақталуы және сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға байланысты өзгерістер мен толықтыруларды көлік жүргізушілерге түсіндіру мақсатында 28 қаңтар 2025 жылы Созақ аудандық жол көлік патрульдік қызметкерлермен бірлескен іс-шара жұмыстарын жүргізді. Қыс мезгілінің қолайсыз, тайғақ болуына байланысты жол көлік оқиғаларын болдырмау мақсатында және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жұмыстарына байланысты көлік жүргізушілеріне түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Созақ аудан-



дық жол көлік патрульдік қызметкерлерінің қаңтар айындағы боранды күндері жолда қалған көліктер мен жолаушыларды құтқарған жұмыстарына ризашылық білдіре отырып, өз қызметтеріне адал әрі заң аясында жұмыс атқарып жатқандығын байқап, жұмыстарына сәттілік тіледі.

«Созақ үні»-ақпарат.

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 30 жыл толуына орай аудандық Ақсақалдар Кеңесінің төрағасы Берік Мыңжанұлы мен аудандық Аналар Кеңесінің төрайымы Рысты Райымқұлова және Созақ ауданының өзбек этномәдени қоғамы бірлестігінің төрағасы Мұхамеджан Бабаевты қабылдады. Еркін тақырыпта пікір алмасып, ұсыныс-пікірлерін тыңдады.



Аудан басшысы этномәдени бірлестіктердің төрағаларын қабылдады

Ауданда әр түрлі салада атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде сөз қозғап, алдағы жоспарларымен бөлісті.

Сонымен қатар, аудан басшысы ұлт аралық татулықтың маңыздылығына ерекше тоқталды. Ауданда

ешқашан ұлт аралық кикілжіңдердің орын алмағанын айтып, мұның себебі, барлық этнос өкілдерінің арасында терең құрмет пен түсіністік бар екенін тілге тиек етті. —«Ауданда әртүрлі ұлт өкілдері бір-бірімен татутәтті өмір сүріп, бірлікте ең-

бек етіп келеді. Бұл жағдай аудан тұрғындарының бірлігі мен ауызбіршілігінің және бейбітшілік пен келісімді сақтау жолындағы күш-жігерінің арқасында қалыптасқаны анық»,—деді аудан басшысы.

СУ ТАСҚЫНЫ МЕН ТАБИҒИ АПАТТАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ ЖАЛҒАСУДА

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбековтің тапсырмасына сәйкес, аудан аумағында су тасқыны мен табиғи апаттардың алдын алу шаралары үздіксіз жалғасуда.

Қазіргі уақытта қажетті техникалар жұмылдырылып, ішкі көшелердегі арық-атыздардың арналары және көміліп қалған арықтар мен су өткізгіш құбырлар тазартылуда. Сонымен қатар, су бөгеттері мен дренаждық жүйелер де қайта жаңартылуда.



ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен басталған «Таза Қазақстан» бағдарламасының «Таза қала» кезеңі аясында аудан көлемінде сенбілік жұмыстары ұйымдастырылды. Шараға аудан ардагерлері, тұрғындар және белсенді жастар қатысты. Сенбілік барысында саябақтар, ішкі көшелер, ауыл маңындағы сай-сала мен су өткізгіш құбырлар тұрмыстық қалдықтардан тазартылды.

Шараға арнайы қатысқан



СЕНБІЛІК ЖҰМЫСТАРЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

ауданның Құрметті азаматы, еңбек ардагері Бүркіт Арынбеков тазалық жұмыстарының маңыздылығына тоқталып, экологияға оң әсерімізді тигіземіз. Сондықтан, барша-мызға маңызды болып табылатын бұл бастаманы мен толық қолдаймын. Барлық тұрғындарды және жастарды

«Таза Қазақстан» бағдарламасына белсене қатысуға шақырамын»,—деді Бүркіт Арынбеков.

Сонымен қатар, бір тасын көтеру спортынан халықаралық дәрежедегі спорт шебері Баби Орынбасар да шараға қатысып, өз пікірін білдірді.

«Спортшы ретінде таза ортада жаттығу жасаудың, таза ауада демалудың денсаулыққа өте пайдалы екенін жақсы білемін. «Таза Қазақстан» бағдарламасы арқылы еліміздің әрбір қаласы мен ауылын таза ұстауға, қоршаған ортаны қорғауға, табиғатты аялауға үндейміз. Кішкентай әрекеттер, мыса-

лы, қоқысты қоқыс жәшігіне тастау, жасыл алаңдарға зиян келтірмеу сияқты әрекеттер үлкен өзгерістерге әкеледі», — деді жас спортшы.

Айта кетейік, бағдарлама аясында ұйымдастырылған сенбілікке 4000-ға жуық тұрғындар мен белсенді жастар және 28 техника жұмылдырылды. 36 шақырым көше бойы, 17 шақырым аяқжол, 28 балалар мен спорт алаңшасы, 38 көпір, канал және өзен арналарында тазалық жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде, 115 тоннадан астам күл-қоқыс шығарылды.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

Тағайындау!



Түркістан облысы Полиция департаменті бастығының бұйрығымен 14.02.2025 жылдан бастап Ерман Нұрәділ Нұрланұлы Созақ аудандық полиция бөлімі бастығының орынбасары лауазымына тағайындалды.

Ерман Нұрәділ Нұрланұлы— 14.10.1983 жылы ОҚО Созақ ауданы Аққолтық ауылында дүниеге келген. Ішкі істер органдары қатарында 14.02.2005 жылдан қызмет атқарады. М.Сапарбаев атындағы Оңтүстік

Қазақстан гуманитарлық институтын, сонымен қатар М.Әуезов атындағы ОҚМУ университетінің түлегі. Мамандығы— заңгер. Ішкі істер саласында түрлі қызметтер атқарған тәжірибелі, кәсіби маман. Отбасылы, 5 бала тәрбиелеп отырған үлгілі әке.

«Созақ үні»-ақпарат.



Ақынға сый құрмет көрсетілді

Аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімі мен Сұлтанбек Қожанов атындағы аудандық өлкетану музейінің ұйымдастыруымен музей үйінде Созақ ауданының Құрметті азаматы, ақын Мыңжасар Асқарұлының 80 жасқа толуына орай шығармашылық кеші өтті. Кешке аудан әкімінің орынбасары Алтын Ешанқұлова, аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімінің басшысы Ерлан Райымқұлов, аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы Мұрат Сапаров, аудандық ардагерлер кеңесінің төраға орынбасары Әли Мұхамедәлі, ауыл ақсақалдары Берік Тұрғанбаев, Әбубәкір Сахиұлы, Пардабек Сақтапбергенұлы, әйелдер кеңесі, әжелер алқасы, Сұлтанбек Қожанов атындағы аудандық өлкетану музейінің директоры Ролан Әлжанов, ақын Байділда Айдарбеков, ақынның іні-бауырлары атынан аудандық мәслихаттың депутаты Рыскелді Ұнсары, Жұмағали Ердебеков және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Аудан әкімінің арнайы жолдаған құттықтау хатын аудан әкімінің орынбасары Алтын Ешанқұлова салтанатты түрде мерейтой иесіне тапсырып, ақынның иығына оқалы шапан жауып сый сияпатын көрсетті. Аудандық «Мыңжылқы» мәдениет сарайының көркемөнерпаздары ән мен жырдан мерекелік шашуын шашты. Келген қонақтар ақынға деген жылы лебіздері мен игі тілектерін жеткізіп, өздерінің құрметтерін көрсетті.

«Созақ үні»-ақпарат.

МАЙЛЫҚ ОЙЛАП ШЫҒАРҒАН ҰСТАЗ



калар басқа өнімдерден ерекше. Олардың ең басты артықшылығы—олар қолға жабыспайды, яғни пайдаланған кезде қолды тітіркендірмейді, әрі өте жұмсақ болады. Сондай-ақ, салфеткалар екі қабатты, бұл олардың ылғалды жақсы сіңіріп, беріктігін арттырады. «Бұл кәсіпті бастау идеясы менің жеке тәжірибем мен нарықта сұранысты байқауымнан туындады. Бір күні күнделікті өмірде қолданылатын тауарларға, соның ішінде майлық салфеткаларға сұраныстың жоғары екенін байқадым. Осы өнімнің сапасы мен экологиялық тазалығына көбірек көңіл бөлетін тұтынушылар көбейіп келе жатқанын түсіндім. Алғашында кішігірім өндіріс ашу идеясымен бастасам да, сұраныс артқан сайын өндіріс көлемін ұлғайтуға шешім қабылдадым. Біз өнімдіміздің жоғары сапасына ғана емес, оның тұтынушылардың қажеттіліктеріне толықтай сай болуына да назар аударамыз. Күнделікті өмірдің қажетті бөлшегі болып табылатын өнімдеріміз арқылы адамдарға ыңғайлы әрі тиімді шешім ұсыну» дейді Нұрболат Әбдеш. Инновация мен шығармашылық тек технологияда ғана емес, өмірдің әрбір сәтінде орын алады. Мұғалімнің тапқырлығы мен шабытты ойлары әрқашан да оқушылар мен педагогтерге үлгі болып табылады.

Ауданымыздағы Нәзір Төреқұлов атындағы IT-мектеп-лицейдің информатика пәнінің мұғалімі Әбдеш Нұрболат қолға жабыспайтын майлық (салфетка) ойлап тапты. Иә, сол ас үстіндегі, мектеп асханасындағы немесе кез-келген жерде кездесетін кішкентай салфетка енді тек тазалағыш ғана емес, шығармашылықтың, тапқырлықтың және жаңа идеялардың символына айналды. Ұстаздың осы әрекеті басқа мұғалімдерге мотивация береді: кез-келген, тіпті ең қарапайым затқа да жаңа көзқараспен қарап, одан болашаққа шабыт алуға болатынын ұқтырды. Нұрболат өндіретін салфет-

Ерік ДОСБОЛОВ,
мұғалім.
Шолаққорған ауылы.

Көрнекі ақпарат пен жарнамаға сауаттылық

Жарнама — бұл ақпарат ғана емес, тілді қалыптастырушы, тілдің дамуына ықпал етуші құрал.

Жарнама тілі қазақ тілінің мәртебесін өсіреді. Сондықтан тілдің тазалығын сақтап, мағынасын бұзбау қажет. Өйткені сауатсыз жарнама—елдімізге сын. Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру мақсатында мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту, ауданымызда көрнекі ақпараттар мен сыртқы жарнамалардың «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы», «Жарнама туралы» Заңдары талаптарына сай ресімделіп, орналасуы бойынша Созақ ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Тілдерді оқыту және дамыту орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен тұрақты түрде «Сауатты жарнама» акциясы тұрақты түрде ұйымдастырылады. Акцияның негізгі мақсаты — шағын және орта бизнес өкілдеріне сыртқы көрнекі ақпарат (жарнама) құралдарын әзірлеу барысында мәтіндерінің сауатты жазылуына, орналасуына әдістемелік көмек көрсету.

Меншік иелері маңдайша, жарнаманы ілмес бұрын жергілікті тілдерді оқыту және дамыту орталығы мамандарымен тілдесіп, жарнама мәтіндерінің аудармалары дұрыстығын тексертіп, білмеген сауалын сұраса, қателіктер мен заң бұзушылықтар орын алмайды деген ойдамыз.

Сондай-ақ барша жерлестерімізді көшелердегі сыртқы (көрнекі) жарнамада кезде-



сетін кез-келген қателікке бейжай қарамауға, сауатсыз жарнамаға жол бермеуге, қандай да бір заңға қайшы келетін жарнама, нысан атауларын көрсетіңдер Созақ ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Тілдерді оқыту және дамыту орталығы» КММ-нің 8 (72546) 4-29-85 байланыс телефонына хабарласуды сұраймыз.

Айнұр САРИБАЕВА,
«Тілдерді оқыту және дамыту орталығы» КММ оқытушысы.



ИНТЕРНЕТСІЗ БІР КҮН

Созақ ауданының «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің Құмкент ауылыдық округі жастар ісі жөніндегі әдіскері Н.Қожабековтың ұйымдастыруымен, «Бүгінгі сән-кітап оқу, интернеттен бір мезет аулақ болу» тақырыбында жастар кітап оқудан жарысты.

Іс-шараны Қ.И.Сәтбаев мектеп гимназиясының кітапханашысы Колдирова

Дилфуза ашып беріп, жастардың әлеуметтік желіге көп үңілмей кітап оқуға шақырды.

Іс шараның мақсаты жастар арасында кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру, әдебиетке деген сүйіспеншілікті дамыту, жастардың кітап оқуға деген интеллектуалы деңгейін көтеру, адамгершілік құндылықтарды дамыту, жастардың интернеттің зиянды әсерлерінен сақтандыру, виртуалды әлемге тәуелді болмауға бағыттау, әлеуметтік желілер мен ойындардың уақытты дұрыс пайдалануға насихаттау болатын.

«Созақ үні»-ақпарат.

**Жылда
10 күн сайын алға жылжып
отыратын қасиетті бір ай бар
мұсылман күн тізбесінде. Рамазан айы деп
аталатын бұл айды біздің ата- бабаларымыз
«Ораза айы» деп те атайды. Рамазан бұл жалпы араб-
ша ай атауы. Ал, біздің ата- әжелеріміздің бұл айды «Ораза
айы» деп атауының басты себебі күллі мұсылман баласы үшін
парыз болған құлшылықтың нақ осы айға тиесілі болуынан.
Жалпы, бұл рамазан айының мұнан да бөлек бейресми атаулары
көп. Мәселен, ғалымдарымыз бұл айды «құтылу айы», «айлардың
сұлтаны» т.б атаулармен де атай береді. Бірақ, қанша жерден,
қанша атаумен атаса да қарапайым халық бұл айдың «Рамазан» айы
екенін тез ұғына қояды. Бұл айды екі дүниенің саруары пайғамбары-
мыз Мұхаммед (Ол кісіге Алланың игілігі менен сәлемі болсын!): «Ере-
жеп Алланың айы, шағбан менің айым» деп басталатын хадисінде
«Рамазан менің Үмбетімнің айы» деген екен. Міне, сол, бірнеше
атауды иеленсе де бір ғана мағынаны білдіретін, қазақ халқы
үшін де қасиетті әрі қастерлі ай «рамазан» араға 1 жыл са-
лып, 10 күн алға жылжып наурыз айының 1 не сәйкес келіп
отыр. Осы ретте, жылдағы әдетімізбен оқырмандары-
мыздың есіне «ораз» жайлы ақпараттарды салу
мақсатында Созақ ауданының бас имамы
Әбдіқұлов Мейрамбек Ордабайұлы-
мен сұхбаттасқан едім.**

**-Мейрамбек Ордабайұлы! Өзіңіз
рухани басшысы болып саналатын
ауданымыздың жұртшылығына
әуелі «рамазан» айы оразасының
парыздығы және артықшылықтары
жайлы әңгімелеп берсеңіз!**

-Қасиеті мен кешірімі мол рамазан айына да келіп қалдық. Айлардың сұлтаны аталған бұл айдың артықшылығы атынан да белгілі. Рамазан Араб тіліндегі Рамда*у деген түбірден шыққан, мағынасы күйдіру, жандыру деген мағынаны білдіреді. Қатты ыстықта денені күйдіретіндей, бұл айда күнәлар күйетін ай. Сол себепті хадисте: «кім рамазанда иманмен және сауабын Алладан үміт етіп ораза ұстаса өткен күнәлары кешіріледі»-деген. Сондай-ақ, ғалымдарымыз рамазанды «мектеп айы» деп те атаған. Себебі, мұсылман адам бір ай бойы нәпсісін тежеу арқылы өмірде ұстамдылық пен сабырлықты, мейірімділік пен жомарттықты үйренеді. Жалпы, ораза бұл- тәлімі үлкен мектеп. Оны дұрыс ұстаған жан ғана қасиетін толық сезіне алады. Бұл жайында Хадисте: «Ораза деген, тек ішіп-жеуден тиылу емес. Шынында ораза- бос сөзден және балағат сөзден тиылу. Егер біреу ұрыс іздесе немесе надандық іс істесе, сен оған «мен оразамын де»-деген. Мен оразамын»-де» деу арқылы оразаның мақсатын айқындауда. Қандай да оқу орнының негізгі мақсаты маман шығару, дәл сол секілді ораза да шынайы мұсылмандыққа қадам басудың жолын үйретуші. Сонымен қатар рамазанда істеген жақсы амалдар еселеніп сауап болуымен қатар, оразаның сауабын тіпті періштелерде білмейтіндей үлкен амал екенін хадистерден білеміз.

-Ендігі жерде ораза ұстаушы нені білуі тиіс, неден хабардар болуы керек екендігіне тоқталып өтсек!

- Иә, ораза ұстаушы ұстаған оразасының дұрыс, шариғатқа сай және қабыл болуы үшін мына төмендегі жәйттардан хабардар болғандары дұрыс:

1.Ораза ұстау үшін ниет. Ораза күндері үшін ниеттеніп отыру және ниетте Алланың разылығы көзделуі қажет. Диета ұстау немесе денсаулықты дұрыстау үшін т.б. емес.

2.Уақыт.Рамазан айының оразасын бастау үшін айдың туылуына қарайды. Ертөректе адамдар арнайы қарап, сүйіншілеп жарамазан айтқан. Жалпы, қайсыбір мұсылман халықтарында үрдіс болып қалған жарамазан айтудан мақсат, мұсылман жамағатына: «рамазан келді» деп хабарлау. Олай дейтінім, «жарамазан» сөзі арабтың: «жә-ә» (келді), «рамазан» сөздерінен келіп шығады. Осылайша ел оразасын ұстап бастаған. Қазіргі технология дамыған уақытта барлығын алдын ала белгілеп береді. Ауыз бекіту уақытына да ерекше мән беруіміз керек екенін айтқым келеді, таңның кіруі ауыздың тиылуы болса, күннің батуы ауызшар уақыты болып табылады. Бұл да қазіргі уақытта белгілі. (күнтізбелерде көрсетілген). Сол себепті осы уақыттарға мұқият қарау керек. Ескіден қалған кей түсініктерде қоғамда байқайтынымыз қайсыбір адамдар күн шапағын таратып, сәулесін шашқанша ішуге болады деп бір қателессе, енді бірі жылдыз аспанда

Рамазан айы

Мұсылманға рухани мектеп

көрінбейінше ауыз ашуға болмайды деген түсінік қалыптастырған. Осындай жаңсақ пікірлерден сақ болу үшін Қазақстан Мұсылмандары Діни Басқармасының (ҚМДБ) пәтуаларына сүйену керек екенін арнайы айтып өткім келеді.

3.Тиылу. Тиылу екі нәрседен тұрады. 1. Ішіп-жеуден . 2. Жыныстық қатынастан. Ауыз берік адамға осы нәрселерден тиылуы парыз. Екеуі де ауызды ашып жібереді. Егер, ауызы берік адам бұл нәрселерді арнайылап істесе, кәффарат (яғни үзбей 60 күн) ораза ұстап беруі міндет болады. Сол себепті себепсіз ауыз ашып жіберу немесе ұстамай қоя салу үлкен қателік. Сондай ақ жоғарыда айтқанымыздай оразада тиылу тек ішіп-жеуден емес, барлық мүшені жаман нәрседен тию керек. Бұл оразаның рухани кемеліне жеткізіп ұстау болады. Пайғамбарымыз с.а.с. «қаншама ораза ұстаушылар бар, оразалары тек ішіп-жеуден тиылу» деу арқылы бұл оразаның сауабын кемітетінін білдіртті. Тағы да ұзын хадисте келген екі әйелдің оқиғасында, екеуі ораза ұстаса да өсек пен ғайбаттан тиылмаған соң, олар ауыз бекітпеді деді. Демек рамазанда ерекше көңіл бөлетін нәрсе тиымды барлық мүшемізге тән ету, сол арқылы жыл он екі айға жақсы әдет пен жақсы құлық қалыптастыру.

-Бұлар ораза ұстаушының оразасы дұрыс болуы үшін білуіміз тиіс дүниелер еді. Ендігі жерде ораза ұстаушы қандай қателіктерге бой алдырмауы қажет екендігі жайлы айтып берсеңіз!

- Дұрыс айтасыз! Ораза ұстаушы жасаған құлшылығы дұрыс болуы үшін мына дүниелерді де білгені жөн:

1. Аш қалам деген оймен шамадан тыс тамақ ішу. Бұл денсаулыққа да зиянды.

2. Оразада тек ауыз бекіту керек екен деп ойлап, жомарттық, мейірімділік, сабырлық деген ұлы қасиеттерді бойына қалыптастыра алмау.

3. Рамазан-құран айы екенін білмеу немесе біле тұра Құранды оқымау. Бұл айдағы ең сауапты амал құран оқу екенін білмеу.

4. Күндізгі уақыттарды демалуға арнау немесе түрлі бос нәрселермен өткізу.

5. Кешке ауыз ашқаннан кейін мешіттердегі тарауих намазына қатыспау, тек

таңға дейін дастархан үстінде уақытын өткізу.

6. Ұйықтап қалдым деп, сол күні ауызын ашып жіберу. Негізі, ұйықтап қалған адам ниет етіп ештеңе жемей, оразасын ұстай беруі керек.

7. Арам дүниелерді тек оразада тиым деген түсінікпен тек осы айда тиылып, рамазан біткен соң қайта бұрыңғы қалпына келу.

8. Ауыз қуысындағы түкірікті жұту оразаны бұзады деп ойлау

9. Қажеттілік жағдайда укол салдыру бұзады деп ойлау, егер укол адамға күш бермесе (мыс: антибиотиктер) оразаны бұзбайтынын да айтқым келеді.

Осы ретте, ауданымыздың барша мұсылман қауымын осы бір қателіктерден сақтандыра отырып, рамазанға үлкен дайындықпен кіруге шақырамын!

Тағы да бір нәрсеге аса көңіл бөлуге шақырамын. Әлеуметтік желі дамыған уақытта барлық хабарлар жылдам тарап жатады. Кейде соның ішінде жалғаны болса да көпшілікке жетіп, соған сеніп қалып жатады. Сондай ақпараттар рамазан айы жақындағанда да көбейетінін жылда көріп жүрміз. Алланың сөзі (Құран) мен Пайғамбар хадисінен нәр алып үйренген қазақ халқы жақсы ни-

жәнат пен тозақ жоқ, не істесеңдер де бұл дүниеде істеп қалыңдар. Жас өмірлеріңді алдамшы мифпен өткізбей, өмірдің (жалған) ләззатын татып, бар қызықшылықтарына (ойын-сауық, құмар, зина, арақ, есірткі т.б) батып қалыңдар- демек. Дұрыс, қариямызсыз, көп жиналған жерде төрден орыныңыз бар. Бірақ бұл, ауызым бар екен деп, оңды солды пәтуә бере бер деген сөз емес қой. Сізден де алдын қарияларымыз, абыздарымыз болған. Солардан бүкіл қазақ ұлты әулие көретін, хакім Абай да қазақтың қамын жеп өткен. Бүкіл саналы ғұмырын, қазақ халқы дүние- ақыреттің бақытына қол жеткізсе екен деп, қайғырумен өткізген. Бұл бағытта қаншалық өлеңдер, қара сөздер жазып, мұраға қалдырған. Сол, данышпан Абай да қазағым, кейінгі ұрпақ, дінін ойлап- дүниесін, дүниесін ойлап- дінін тастап қоймаса игі еді,- деп өткен. Қара сөздерінің бірінде: «Қазаққа әуелі, түркітанарлық, құлшылық (намаз, ораза, зекет, қажылық) қыларлық қана білім алған жөн. Онан соң, орыстың білімін үйренгені дұрыс. Себебі, ғылым да хикмет те қазір орыстың білімінде боп тұр»,- дейді. Қараңыз, хакім Абай бұл даналықты қайдан алып айтып жатыр. Әрине, өзі: «Алланың, Пайғамбардың жолындамыз. Ынтамызды бұзбастық- иманымыз»,- деп әспеттеген Алланың Елшісінің сүннетінен алып отыр. Олай дейтінім, ардақты Пайғамбарымыз бұдан 15 ғасыр бұрын: «Дүниенің бетінде мәңгі тұратындай дүние жиыңдар және ертең өлетіндей ақыреттеріңе амал (құлшылық) қылыңдар»-деген.

Ал енді, Алла Елшісінің осы өсиетіне құлақ асқан мұсылман ғалымдары адамзат қоғамына өркениет алып келген жоқ па еді? Мәселенкі, Әбу Али ибн Сина- медицинаның атасы, Әл-Жәбир- математиканың атасы, Әбу Насыр әл- Фараби- екінші ұстаз атанған

еді ғой. Әл- Хорезми, Әл- Бируни, Ұлықбек, Жүсіп Баласағұни, Мұхаммед Хайдар Дулати, Ахмет Игнени, Мәшһүр- Жүсіп, Әлкей Марғұлан сынды т.б ғалымдарымыздың есімінің өзі неге тұрады. Дегенмен, алаңдайтын нәрсе де жоқ емес, қазіргі жастарымыз білімсіздігімен дін тұтынаса, дүниесін, дүниені тұтынаса, дінін талақ қылып жіберетін халге жетті. Әрине, бұған әуелі кеңестік, атеистік қоғамның құрсауынан шығып, капиталистік жүйенің иіріміне иеленіп кеткеніміз себеп боп отыр. Бұлай дейтінім, кешегі, тәуелсіздік алған жылдардан бері қаншалық жастарымыз мемлекет қаржысына «Болашақ» бағдаламасымен шетелге барып, білім алды. Солардың қайтып келгендері министрліктердегі және Ұлттық компаниялардағы жайлы креслоларға жайғасып алды да халықтың қазынасына қол салуда. Қаншасы ұсталып, түрмеге жабылды. Келмегендері, шетелде қалып, өзге елдердің экономикасына, руханиятына үлес қосып жүр. Мұның себебі не? Әрине, діні мен дәстүріне негізделген ұлттық тәрбиені, көркем мінез-құлықты, отансүйіштікті бойларына сіңірмегеннен. Ал енді, діні үшін- дүниесін тәрк еткендерге келсек, құдайға шүкір, бұдан 5-10-15-20 жыл бұрынғыдай емес. Қазір, ҚМДБ-ның жұмысы бір жүйеге түсті. Бүгінгі таңда жастарымыз медреселерде, «НұрМұбарак» секілді жоғарғы оқу орындарында діни білім мен қатар, дүниенің де білімін алуда. Халқымыздың тарихын, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарын танып-білуде. Бірнеше тілдер үйренуде. Ғылым- білім мен заманауи технологиялардың тілін білуге, игеруге талаптанғып жатыр. Өзі аталарымыздан қалған: «Мұсылман болу- әсте-әсте»,-деген сөз бар емес пе? Сәл шыдайық, барға шүкір, жоққа сабыр етейік, тәубемізден жаңылып, не етейік!

-Әумин! Алла тағалам баршамыздың қасиетті рамазан оразасын ұстауға жасаған игі ниеттерімізді, игі амалдарымызды қабыл етсін! Сұхбаттасуға келіскеніңіз үшін, сізге ризашылығымызды білдіреміз! Рамазан айына жеткенімізше еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

**Сұхбаттасқан:
Данияр БЕК.**

Дін – мемлекеттік саясат пен қоғам азаматтарының рухани өмірінде маңызды орын алатын фактор. Себебі кез-келген мемлекеттің қалыптасуында, діннің тәрбиелік және әлеуметтік маңызы зор сана түрі ретінде қызмет атқарады. Сонымен қатар дін мәдениеттер мен өркениеттердің дамуына да елеулі ықпал еткен. Өйткені дін дегеніміз тек сенім жүйесі емес, ол – өмір сүру мәнері, моральдық нормалар, қарым-қатынас әдебі, рухани қағидалар жүйесі. Дін, өнер және

дануы туындады. 2011 жылы 11-қазан күні «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заң қабылданды. (Алғашқысы «Діни сенім және діни ұйымдар бостандығы туралы» заң 1992 жылы қаңтардың 15-күні қабылданған болатын). Бұл заңда Діни сенім бостандығы құқығы, 3-бабында «Қазақстан Республикасының, басқа мемлекеттердің азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар жеке өзі, сондай-ақ басқалармен бірге кез келген діни-еркін ұстануға немесе ешқайсы-

лық тәжірибеде де танылған. 1948 жылы БҰҰ қабылдаған Жалпыға бірдей адам құқығы жөніндегі декларацияның 18-бабында «Әркімнің ойлау, ар-ождан және дін бостандығына құқығы бар» деп көрсетілген.

XVII ғасырда өмір сүрген ағылшын ғалымы Дж. Локк: «мемлекет еркіндікті қамтамасыз ету керек, дін –әрбір азаматтың жеке ісі», – деген ойды айтқан. Ал XVIII ғасыр ойшылы А. Коллинз «Еркін ойлау туралы пайымдау» атты шығармасында «Әрбір адам дінмен

Зайырлылық және діни толеранттылық

Қазіргі заманғы көпэтносты және көпконфессиялы қоғамда зайырлылық пен діни толеранттылық – бейбіт өмір мен тұрақтылықтың басты кепілі. Бұл ұғымдар бір-бірімен тығыз байланысты және қоғамның рухани-әлеуметтік құрылымының ажырамас бөлігі болып табылады.

Зайырлылық – мемлекет бейтараптығының кепілі. Зайырлылық – мемлекеттің діни ұйымдардан тәуелсіздігін білдіретін қағида. Бұл жүйе әр адамның діни сенім бостандығын қамтамасыз етеді, әрі ешбір діннің мемлекеттік саясатқа ықпал етуіне жол бермейді. Қазақстан зайырлы мемлекет ретінде барлық азаматтардың тең құқықтарын қамтамасыз етіп, әртүрлі діни сенімдерге құрметпен қарауды негізге алады.

Зайырлы мемлекеттің басты артықшылығы – әр адамның жеке сенімін еркін жүзеге асыру мүмкіндігі. Мұндай жүйеде барлық діндер заң алдында тең, ал қоғамда экстремизм мен радикализмнің таралуына тосқауыл қойылады.

Діни толеранттылық – басқа дін өкілдерінің сенімдері мен құндылықтарын құрметтеуді білдіреді. Бұл ұғым адамзаттың тарихындағы көптеген қақтығыстар мен қайшылықтарды еңсеруге негіз болды. Толеранттылық қоғамдағы әртүрлі мәдениеттер мен дәстүрлердің бейбіт қатар өмір сүруіне мүмкіндік береді.

Қазақстандағы діни толеранттылықтың ерекше үлгісі – елде тұратын 18-ден астам конфессия өкілдерінің бейбіт өмір сүруі. Мұндай келісім ұлттық бірліктің, тұрақтылықтың және рухани байлықтың кепілі.

Зайырлылық пен толеранттылықтың маңыздылығы:

1. Әлеуметтік тұрақтылық: Бұл ұғымдар қоғамдағы этносаралық және конфессияаралық қақтығыстардың алдын алады.

2. Құқықтық тәртіп: Заң алдында теңдік пен әділеттілік қағидаларын қамтамасыз етеді.

3. Рухани байлық: Әртүрлі мәдениеттер мен діндер арасындағы өзара сыйластық қоғамның рухани дамуына ықпал етеді.

Діни толеранттылық пен зайырлылықты нығайту жолдары

– Білім беру: Мектептер мен университеттерде толеранттылық пен зайырлылықтың маңыздылығын түсіндіретін пәндер мен бағдарламаларды енгізу.

– Қоғамдық диалог: Дін өкілдері, зиялы қауым және жастар арасында мәдениетаралық және дінаралық диалогты дамыту.

– Заңнаманы сақтау: Діни ұйымдардың мемлекеттің зайырлы қағидаттарына сай әрекет етуін қамтамасыз ету.

– Ақпараттық қолдау: Діни экстремизм мен радикализмнің алдын алу үшін БАҚ арқылы дұрыс ақпарат тарату.

Діни құқықтың әрекет ету аясы діни институтпен шектеледі. Діннің мемлекеттен бөлектігіне байланысты мемлекет дін істеріне араласпайды. Зайырлы мемлекеттегі барлық діндер тең құқылы және олардың бәріне бірдей талаптар қойылады. Мемлекеттік органдар діни бірлестіктердің ішкі ісіне (заң бұзылмаса) араласпайды, сондай-ақ, діни бірлестіктер мемлекеттік міндеттерді атқармайды. Мемлекет тарапынан көмек немесе қолдау көрсетуге конфессиялық ерекшеліктер негіз болмайды.

Зайырлылық қағидаты – діни догманы мемлекеттен алшақтату, бірақ дінді қоғам өмірінен ажырату емес. Зайырлылықтың құндылықтар жүйесі адамның ойлау мәнері мен машықтарынан бастап киім үлгілеріне дейінгі мәдени феномендерді қамтиды. Мемлекеттің зайырлылығы діннен бөлектігінен ғана емес, сонымен бірге басқа дүниетанымының басымдығын мойындамауымен сипатталады. Зайырлы мемлекетте діннің өзіндік орны бар. Дін мемлекеттен бөлек болғанмен, халықтың болмысынан, тұрмыс-тіршілігінен бөлек емес. «Зайырлылық» ұғымы мемлекеттің дінге деген ұстанымының демократиялық сипатта екенін, діни сенім бостандығының қамтамасыз етілетінін білдіреді. Мемлекет пен діннің арасында зайырлы әрі рухани құндылықтарға сүйенген жанды байланыстар орнаған. Зайырлы мемлекеттің маңызды сипаттарының бірі – діни сенімдері мен көзқарастары әр түрлі азаматтардың бейбіт қатар өмір сүруі. Яғни зайырлы мемлекет рухани саладағы көптүрлі қарым-қатынастың құқықтық негіздерін қамтамасыз етеді.

Зайырлылық пен діни толеранттылық – Қазақстан қоғамының негізгі құндылықтары. Олар халықтың бейбіт өмірін, рухани келісімін және бірлігін қамтамасыз етеді. Осы ұғымдарды дамыту арқылы біз тұрақтылық пен гүлденуге қол жеткізіп, келер ұрпаққа жарқын болашақ сыйлай аламыз.

А.ҚҰРМАНБЕК,
Түркістан облысы дін істері басқармасы
«Дін мәселелерін зерттеу орталығы»
КММ теолог маманы.

Діни сенім бостандығы туралы түсінік

ғылым – бір ағаштың бұтақтары.

Діни сенім бостандығы туралы түсінік адамзат тарихында ежелден келе жатқан, бүгінгі таңда да өзектілігін жоғалтпаған мәселелер қатарына жатады. «Ар-ождан бостандығы» ұғымы «діни сенім бостандығы» түсінігінің даму нәтижесінде қалыптасқан. Қазақстан Республикасы Конституциясының 22-бабында: «Әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы бар», деп анық бекітілген. Ар-ождан бостандығы – ең алдымен жеке адамның кез-келген идеологиялық бақылаудан бостандығын білдіретін адамның негізгі жеке құқықтарының бірі, әркімнің рухани құндылықтар жүйесін өз еркімен таңдау құқығы. Ар-ождан бостандығы адамның абсолюттік құқығы болып табылады. Конституция елді зайырлы мемлекет ретінде орнықтырады және діни сенім бостандығын қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасының Конституциясы әрбір адамның ар-ождан және діни сенім бостандығына кепілдік береді, сондай-ақ, конфессиялық, этникалық және басқа да белгілері бойынша кемсітушіліктің кез-келген түріне тыйым салады.

Тәуелсіздігіміздің алғашқы он жылдығында сырттан келген діни теріс пиғылды топтардың алдын алу мақсатында және дін мен мемлекет арасындағы қарым-қатынасты белгілі жүйеге келтіру қажеттігінен жаңа заңның қабыл-

сын ұстанбауға құқылы, дінге деген, құдайға құлшылық жасауға, діни жоралар мен рәсімдерге, дінді оқып-үйренуге қатысуға немесе қатыспауға көзқарасты айқындау кезінде қандай да бір күштеп мәжбүр етуге жол берілмейді.

Қазақстан Республикасының азаматтары дінге көзқарасына қарамастан экономикалық, саяси, әлеуметтік және мәдени өмірдің барлық салаларында заң алдында бірдей жауапты. Азаматтардың дінге көзқарасына қарай олардың құқықтарын тікелей немесе жанамалап шектеу немесе қандай да бір артықшылықтар белгілеу, немесе соған байланысты өшпенділік пен жеккөрушілік туғызу, не азаматтардың сезімдерін жәбірлеу, сондай-ақ қайсы бір дінді ұстанушылар қадір тұтатын заттарды, құрылыстар мен орындарды қорлау Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауапкершілікке әкеліп соғады.

Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, ешкімнің де өз діни сенімдерін себеп етіп азаматтық міндеттерін атқарудан бас тартуға қақысы жоқ. Діни наным себебімен атқарылуға тиіс бір міндетті екіншісімен алмастыруға тек қана Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жол беріледі», - деп көрсетілген.

Діни сенім бостандығы феноменінің маңыздылығы халықара-

байланысты сұрақтар жөнінде еркін ойлауы тиіс» деп пайымдаған. Бірақ ар-ождан бостандығы идеясының нағыз қолдаушылары XVIII ғ. француз ағартушылары: «Шын төзімділік және ой еркіндігі – діни фанатизмге қарсы ықпалды қару»-деп жазды. Адамның негізгі құқықтарының бірі – дінді таңдау немесе одан бас тарту түсінігін қолдады.

Қорыта айтқанда осы Заң Қазақстан Республикасының әрбір адамның наным бостандығы құқығын құрметтейтін демократиялық, зайырлы мемлекет болып табылатынын таниды, азаматтардың діни сеніміне қарамастан, тең құқылы болуына кепілдік береді, Қазақстан халықтарының рухани мұрасымен үйлесетін діндердің мәдени және тарихи құндылығын және конфессияаралық келісімнің маңыздылығын, діни төзімділікті және азаматтардың діни нанымдарын құрметтеуді таниды. Қазіргі кезде Қазақстан Республикасы – зайырлы, демократиялық мемлекет және мұнда әрбір адамға ар-ождан бостандығына кепілдік беріледі, сондай-ақ барлық конфессиялардың ұстанушылары заң алдында тең.

Қ.ҚОСМАХАН,
Түркістан облысы дін істері
басқармасының «Дін мәселе-
лерін зерттеу орталығы»
КММ-нің теолог маманы.

Дін мен ғылымның байланысы

Ғылым мен діннің байланысы адамзат қоғамында талқыланып келген күрделі және көпқырлы мәселе. Бұл екі саланың арасында жиі шиеленістер туындаса да, олар бір-бірін толықтырушы рөл атқарады. Дін мен ғылым арасында әрқашан қызығушылық тудыратын, терең философиялық және әлеуметтік аспектілерді қамтитын байланыс бар.

Діннің ғылымға қосқан үлесі Ортағасырда ислам әлемі ғылым мен білімнің дамуына зор үлес қосты. Ислам діни ғылым мен білімді терең бағалайды. Құранның алғашқы түскен аяттарының бірі «Икро» (Оқы!) - деп басталады, бұл білім мен ғылымның маңыздылығын білдіреді. Сондай-ақ Пайғамбар Мұхаммед (с.а.с.) хадистерінде білімге деген ерекше назар аударылған. Мысалы, Мұхаммед (с.а.с.) хадистерінің біріне былай деген: «Білім алу әрбір мұсылман ер мен әйелге міндетті». Осылайша, Исламда ғылым мен білім іздеуге деген шақыру кеңінен таралған. Бұл білімнің тек діни білімдермен шектелмей, барлық ғылым салаларын қамтитыны айтылған.

Ислам өркениетінің алтын ғасыры (VIII–XIII ғасырлар) кезінде көптеген мұсылман ғалымдары әлемнің түрлі салаларында үлкен жетістіктерге жетті.

Астрономия, математика, медицина, философия, химия және басқа да көптеген ғылымдар саласында мұсылман ғалымдары маңызды жаңалықтар ашып, әлем ғылымының дамуына үлкен үлес қосты.

Мысалы, Әбу Әли ибн Сина (Авиценна) медицинаның дамуына зор үлес қосып, оның «Канон» атты шығармасы мыңжылдықтар бойы оқу құралы ретінде пайдаланылды. Ал әл-Хорезми математиканың негізін қалаушы және алгебра ғылымын дамытушы ретінде тарихта қалған.

Сонымен қатар, Әл-Фараби, Ибн Халдун сияқты ғалымдар философия мен әлеуметтану саласында өз дәуірінің ең ірі ойшылдары ретінде танылды.

Исламда ғылым мен білімнің мақсаты – адамзатқа қызмет ету, қоғамды жақсарту және адамдардың өмірін жеңілдету. Құран мен хадистерде жаратылыстың барлық аспектілері – аспан мен жер, өсімдіктер мен жануарлар, адамзаттың өзі – Алла Тағаланың жаратқан белгісі ретінде қарастырылып, оларды зерттеу арқылы Алланың күш-қуатын тануға болатыны айтылған.

Қазіргі таңда кейбір мұсылман қоғамдарында дін мен ғылымның арасында қайшылықтар байқалатын кездер де кездеседі. Бұл көбінесе ғылыми

жаңалықтардың дінмен сәйкес келмеуі немесе заманауи ғылыми зерттеулердің дінге қайшы деп есептелуі нәтижесінде туындайды.

Бүгінде дін мен ғылым арасында диалогты дамытуға бағытталған көптеген бастамалар бар. Діни және ғылыми қауымдастықтар арасындағы қарым-қатынасты нығайту мақсатында конференциялар, семинарлар мен зерттеулер жүргізілуде. Сонымен қатар, білім беру бағдарламаларында дін мен ғылымды біріктіруге бағытталған курстар ұсынылуда. Бұл студенттерге екі сала арасындағы байланысты түсінуге мүмкіндік береді, әрі дін мен ғылымның бір-бірін толықтыра алатындығын көрсетеді.

Қорыта келе дін мен ғылым бір-бірін толықтырып, қазіргі қоғамда үлкен рөл атқарады. Бұл екеуінің байланысы адамзаттың маңызды сұрақтарына жан-жақты жауап беруге мүмкіндік туғызады. Осылайша, ғылым мен діннің байланысын зерттеу әрі қарай да жалғасып, болашақта жаңа үлгілер мен түсініктерге жол ашады.

Ж.БИТАНОВ,
Түркістан облысы дін істері
басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орта-
лығы» КММ-нің Сайрам ауданындағы теолог маманы.

Татуласу рәсімдері Азаматтық процестік кодекстің 17-тарауымен реттеледі. Сот (судья) тараптарға татуласу рәсіміне қатысуы үшін шақыру жібере отырып, тараптардың татуласуына шаралар қабылдайды, оларға дауды процестің барлық сатысында реттеуде жәрдемдеседі. Шақыруда тараптарға татуласу рәсімі шеңберінде дауды шешу қққығы түсіндіріле отырып, сотқа талап қоюдың келіп түскені, татуласудың артықшылықтары туралы, сондай-ақ осы ко-

ша мәлімдеуі мүмкін. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сот әзірлеген татуластыру рәсімін жүргізу бойынша судьяның іс жүргізу әрекеттерінің алгоритіміне және сотқа дейінгі хаттамаға сәйкес, судья іс қозғалған жағдайда дауды шешу перспективалары туралы өз пікірін білдіре алады. Татуластырушы судья тараптардың өтініші бойынша немесе өзінің қалауы бойынша тараптарды татуластыруға көмектесе алатын басқа адамдарды татуластыру рәсіміне қатысуға

Үшінші-партисипативтік рәсім, бұл дауды судьяның қатысуынсыз тараптардың келіссөздері арқылы екі тарап өкілдерінің көмегімен шешуді білдіреді.

Тараптардың арасында дауды шешудің жылдам жолы екі тарапқа да қолайлы, ол өзара тиімді шешім қабылдауға негізделген. Әрі мәжбүрлі шешімді орындауға қарағанда тараптар арасындағы келісімдердің орындалуы жылдам. Сондай-ақ, қалыпты іскерлік қатынастарды сақтау жағынан да тиімділігі зор. Бұдан

Азаматтық істегі татуластыру шаралары

декстің 73-бабының бірінші және екінші бөліктеріне сәйкес дәлелдемелерді өзара ашу және ұсыну қққығы хабардар етіледі.

Қамтамасыз ету шараларын қабылдау кезінде шақыру тиісті ұйғарым шығарылғаннан кейін жіберіледі. Тараптар татуласу келісімін, дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісімді немесе дауды партисипативтік рәсімдер тәртібімен реттеу туралы келісімді жасап не осы кодексте белгіленген тәртіппен өзге де тәсілдерді пайдалана отырып, дауды өзара талаптардың толық көлемінде не бір бөлігінде реттей алады. Татуласу рәсімдерін қолдана отырып дауды реттеу туралы өтініш хат, егер осы кодексте немесе заңда өзгеше көзделмесе, талап қою ісін жүргізудің кез келген ісі бойын-

шақырады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінде бітімгершілік рәсімінің үш түрі көзделген.

Біріншісі-бітімгершілік келісім, оның мақсаты дауды қатынастарды шешу. Бұл келісім арнайы азаматтық-құқықтық келісім ретінде қарастырылады.

Екіншісі, медиация-тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын, өзара қолайлы шешімге қол жеткізу мақсатында медиатордың көмегімен тараптар арасында дауды реттеу рәсімі. Бұл рәсімнің сот түріне жататын бітімгершілік келісімінен айырмашылығы, медиация соттан тыс та, сотта да бекітілуі мүмкін, яғни, ол сотқа жүгінгенге дейін де, сотта іс жүргізуге қабылданғаннан кейін де қолданылуы мүмкін.

бөлек, мемлекет тарапынан сотқа жүгіну кезінде төленген мемлекеттік баж салығының қайтарылуы да тараптарға пайдалы. Соттар тараптарға дауды процестің барлық сатысында реттеуде жәрдемдеседі. Яғни, талап қою соттың іс жүргізуіне түскен күннен бастап, іс бойынша түпкілікті шешім қабылданғанға дейін тараптар дауды бейбіт жолмен реттей алады. Жалпы алғанда, татуласу рәсімін қолдану тараптар арасындағы моральдық және материалдық шығындардың азайып, дау-жанжалсыз өзара ортақ шешім тауып, қарым-қатынастың сақталуына септігін тигізеді.

Ж.ТОҚПАНБЕТОВА,
Сөзақ аудандық соты
әкімшісінің басшысы.

Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу

Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы құқықтық нормалардың күрделі жүйесінде және үздіксіз өзгеріп отыратын әлеуметтік-экономикалық ортада табысты шарлауға қабілетті болашақ заңгерлер мен мамандарды қалыптастыруда және шешуші рөл атқарады. Олардың кәсіби тәжірибесі білім беру процесін байытады, сонымен қатар практикалық және құқықтық тәжірибе мен еңбек нарығының заманауи әрекеттерімен ерекшеленеді.

Жастарға өз білімдерін тәжірибеде қолдануға мүмкіндік бере отырып, нотариаттық палатасымен, адвокаттар алқасымен, сот инстанцияларымен, жетекші заң компанияларымен белсенді ынтымақтасады. Бұл кәсіби дағдыларды қалыптастыруға және болашақ мамандарды құқықтық саланың нақты әрекеттеріне дайындауға ықпал етеді. Бұл мекемелердің өкілдері біздің студенттерді практикадан өту үшін қабылдап қана қоймай, сонымен қатар студенттердің өздеріне дәріс сабақтарын оқиды және өткізеді, практикалық мәселелерді жариялайды, осылайша студенттердің шынайы қызығушылығын тудырады.

Кафедра студенттер мен оқытушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ынталандырады. Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы саласындағы инновацияларды құруға ықпал етеді, сондай-ақ заң ғылымы шеңберінде ғылыми білімнің дамуына ықпал етеді.

Болашақ ұрпақтар студенттерден, магистранттардан, докторанттардан өздерінің ғылыми кадрларын "өсіру" арқылы қол жеткізіледі.

Сапалық құрамның деңгейін арттыруға, сондай-ақ кафедраның ғылыми қоғамдастықтағы беделін нығайтуға ықпал ете отырып, барлық конкурстарға, ғылыми зерттеулер мен конференцияларға белсенді қатысады. Заң практикасының болашағы цифрлық технологиялардың дамуымен тығыз байланысты. Кафедра студенттерге цифрлық құралдармен жұмыс істеудің қажетті дағдыларын және олардың құқықтық жүйеге әсерін түсінуді қамтамасыз ете отырып, соңғы технологияларды оқу процесіне біріктіруге тырысады.

Заңды танығысы келген азаматтарға әртүрлі құқықтық жүйелер мен мәдениеттерге ену мүмкіндігін қамтамасыз ете отырып, халықаралық алмасу бағдарламаларын белсенді дамытады, бұл олардың кәсіби болашағы туралы жаһандық көзқарасты қалыптастыруға ықпал етеді.

Климаттың өзгеруі, гендерлік теңдік, сапалы білім беру және т.б. сияқты заманауи өзгерістерді ескере отырып, тұрақты даму мақсаттарын енгізеді. Бұл азаматтарға құқықтық шешімдердің әлеуметтік әділеттілік пен қоршаған ортаға әсерін түсінуге көмектеседі. Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы өзінің дәстүрлеріне сүйене отырып, қазіргі заманғы іс-шараларына бейімделе отырып, тұрақты дамуға ұмтылады. Оның міндеті-қазіргі заманғы құқықтық саланың күрделі міндеттерін ойдағыдай шеше алатын және заң ғылымы мен практиканың дамуына өз үлесін қоса алатын жоғары білікті мамандарды қалыптастыру.

Ж.ҚАРАШЕВА,
Доктор PhD.

Еңбек дауларын қараудың мерзімі мен шарттары

Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабында бекітілген әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғау құқығы еңбек құқықтық қатынастарына қатысушыларға да қолданылады. Бұған қоса, жекеленген адам санаттарының еңбек қатынастары Еңбек кодексінің нормаларымен ғана емес, арнайы заңнамалық актілермен де (құқық қорғау қызметі туралы, әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы және басқа да) заңдармен реттеледі. Еңбек шартында айтылған талаптарды қоспағанда, тараптардың құқықтық қатынастары ұжымдық шартпен, тараптардың өзге келісімдерімен және еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмейтін жұмыс берушінің актілерімен реттеледі.

Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының мақсаты еңбек қатынастарын және еңбек қатынастарымен тікелей байланыста өзгеде қатынастарды, ондағы тараптардың құқықтарымен мүдделерін қорғауға бағытталған. Бұл еңбек саласындағы құқықтармен бостандықтардың ең төмен кепілдіктерін белгілеуге арналған құқықтық реттеу болып табылады.

Әркімнің еңбекті еркін таңдауға құқығы бар. Сондай-ақ, зайырлы мемлекеттегі кез келген тұрғынның еңбекке қандай да бір кемсітушіліксіз және мәжбүрлеусіз еркін келісе алатыны заңмен бекітілген. Конституцияны қорған еткен азаматтардың өзінің еңбекке қабілеттілігіне билік етуге, кәсіп және қызмет түрін таңдауға құқығы бар.

Жұмыс беруші мен микрокәсіпкерлік субъектінің, жұмыскерлер саны он бес адамнан аспайтын коммерциялық емес ұйымның жұмыскері, үй жұмыскері, заңды тұлғаның жеке-дара атқарушы органы, заңды тұлға атқарушы органның басшысы, сондай-ақ заңды тұлғаның алқалы атқарушы органының басқа да мүшелері арасында туындайтын дауларды қоспағанда, жеке еңбек дауларын-келісу комиссиялары, ал реттелмеген мәселелерді не келісу комиссиясы шешімі орындалмаған кезде дауды соттар қарайды.

Келісу комиссиясының шешімі ол белгіленген мерзімде орындалмаған жағдайда жұмыскер немесе бұрын еңбек қатынастарында болған адам не жұмыс беруші сотқа жүгінуге құқылы. Келісу комиссиясына немесе сотқа жеке еңбек дауларын қарау бойынша жүгіну үшін мынандай мерзімдер белгіленеді:

1)Жұмысқа қайта алу туралы даулар бойынша-еңбек шартын тоқтату туралы жұмыс беруші актісінің көшірмесі келісу комиссиясына табыс етілген немесе табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырысты хатпен пошта арқылы жіберілген күннен бастап бір ай, ал сотқа жүгіну үшін реттелмеген даулар бойынша жүгінген кезде не еңбек шарты тарапы келісу комиссиясының шешімін орындамаған кезде келісу комиссиясы шешімінің көшірмесі табыс етілген немесе табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырысты

хатпен пошта арқылы жіберілген күннен бастап екі ай;

2)Басқа еңбек даулары бойынша-жұмыскер, оның ішінде бұрын еңбек қатынастарында болған жұмыскер немесе жұмыс беруші өз құқығының бұзылғаны туралы білген немесе білуге тиіс күннен бастап бір жыл. Жеке еңбек дауларын қарау бойынша жүгіну мерзімінің өтуі қаралып жатқан еңбек дауына қатысты медиация туралы шарттың қолданылу кезеңінде, сондай-ақ келісу комиссиясы болмаған жағдайда, ол құрылғанға дейін тоқтатыла тұрады. Жүгінудің белгіленген мерзімі дәлелді себептермен өтіп кеткен жағдайда келісу комиссиясы еңбек дауларын бойынша келісу комиссиясына жүгіну мерзімін қайта бастай алады және дауды мәні бойынша шеше алады. Келісу комиссиясы жұмыскердің, оның ішінде бұрын еңбек қатынастарында болған жұмыскердің белгіленген мерзімде келісу комиссиясына жүгінбеу себептері дәлелді себептерге жататындығын не жатпайтындығын дербес айқындайды. Осы кодекске сәйкес, жеке еңбек дауларын қарау бойынша келісу комиссиясына жүгінбей, сотқа жүгінуге құқығы бар еңбек қатынастарына қатысушылар үшін мынадай мерзім белгіленеді: Жұмысқа қайта алу туралы даулар бойынша-еңбек шартын тоқтату туралы жұмыс беруші актісінің көшірмесі табыс етілген немесе етілгені туралы хабарламасы бар тапсырысты хатпен пошта арқылы жіберілген күннен бастап үш ай; басқа еңбек дауларын бойынша-жұмыскер, оның ішінде бұрын еңбек қатынастарында болған жұмыскер өз құқығының бұзылғаны туралы білген немесе білуге тиіс болған күннен бастап бір жыл. Бірінші сатыдағы сотта жұмысқа қайтадан алу туралы азаматтық істерді сот істі сот талқылауына дайындау аяқталған күннен бастап бір айға дейінгі мерзімде қарайды және шешеді. Мұнымен қоса, еңбек ақы төлеу сомаларын өндіріп алу, еңбек қызметіне байланысты басқа да талаптар бойынша талап қоюшылар соттарда мемлекеттік баж төлеуден босатылған. Соттар арнайы нормативтік құқықтық актілерде реттелмеген құқықтық қатынастардан туындайтын еңбек дауларын қарау кезінде Еңбек кодексінің нормаларын басшылыққа алады. Еңбек кодексіне сәйкес, жеке еңбек дауларын қарау бойынша келісу комиссиясына жүгінбестен, сотқа жүгінуге құқылы еңбек құқықтық қатынастарына қатысушылар үшін мынадай мерзім белгіленген: Жұмысқа қайта алу туралы даулар бойынша-жұмыс берушінің еңбек шартын тоқтату туралы актісінің көшірмесі тапсырылған күннен бастап үш ай; басқа еңбек дауларын бойынша-жұмыс бұзылғаны туралы білген немесе білуге тиіс болған күннен бастап бір жыл. Жалпы алғанда тәуелсіз елімізде еңбек адамдарының құқықтары мен мүдделерін қорғау айрықша назарға алынған.

Б.САҒЫНТАЕВ,
Сөзақ аудандық
сотының судьясы.

Тылсым табиғат-тыныштық бесігі

Бүгінгі таңда ақпарат көздерінде жағымсыз жаңалықтар жан түршіктіреді. Сол апаттардың ішінде өрттің алдын алу әрбір аудан тұрғындарына маңызды. Өрттің қауіпті маусымының басталуына байланысты тау бөктеріне жапсарлас орналасқан ауыл тұрғындары арасында түсіндіру жұмыстары жүргізіліп келеді. Осы шараға қатысқан орман саласы аңшылық шаруашылық мамандары жиында айтылған мәселелер бүгінгі күндегі өзекті тақырып-орман өртінің алдын алу. Ол жиында ауыл тұрғындарына өрттің зияны мен қауіпсіздігін сақтау туралы; отты тек қана арнайы жерде жағуға, пайдаланғаннан кейін сумен немесе топырақпен сөндіру қажеттігі туралы және т.б. қауіпсіздік ережелері туралы түсіндірме жұмыстары жүргізу, сөндірілмеген темекі тұқылын тастауға; кішкентай балаларға күкірт беруге; бөтелке сынықтарын тастауға қатаң тыйым салынатындығы жайлы ескертулердің түсіндірілгенін айтты. Өйткені күннің бұзылуы, желдің өршуі өрт тудырады. Табиғатқа шыққанда тамақ, көуәп пісіріп болған соң қадағалап сумен өшіріп, орнын топырақпен жауып кету өрттің алдын алуға үлкен мүмкіндік беретінін ескерсеңіздер екен. Алдағы уақыттарда да біз орман қызметкерлері ауданымыздың табиғат аясын қорғай отырып адамзат игілігі жолында қарқынды жұмыс атқара береміз.

Сондай-ақ, өртті болдырмау үшін тыйым салынатын бірқатар іс-әрекеттер туралы да жиналыс барысында кеңінен айтылды. Тау бөктерінде отырған малшыларымызға осы өрттің зияны мен қауіпсіздігі туралы да қағаз жүзінде ескертулер берілгенін атап өтті.

Тоқтар ТӘЖІБЕКОВ,
орман шаруашылығы мекемесінің
қорықшы-күзетшісі.

Табиғатты аялау, болашақты құрметтеу

Ауа райының қай мезгілі болсын, осы үлкен күре жолдың бойы өрт шығу ошағының бір нүктесі десек артық айтқандық болмас. Орман шаруашылығы егістіктері мен жайылымдарына зор қауіп тудырып отырса, осы өрттің тұтануына себепкер көлік жүргізушілерінің темекі тұқылын көлік терезесінен лақтыра салуы, ауданның орман шаруашылығына елеулі зиянын тигізеді. Табиғат ананың мінезі аяқ астынан өзгеріп, күн ыстық болатын аймақтар салқын тартып, ал табиғаты қатал аязды, мұз құрсауындағы өлкелер кенеттен жылынып барша адамзат баласын әбігерге салатыны бар. Бұл да орман қызметкерлерін ұдайы сақтыққа шақырады, ширақ қимылдауға үйретеді.. Бүгінгі күнде барлық жерлерде өрт қауіпсіздігіне орай оқу-жаттығу жиындары болып, алдын алу, сақтық шаралары қаралып өтті. Мемлекетіміздің «Жасыл аймақ» бағдарламасы бойынша табиғатты өрттен қорғау жұмыстары қолға алынып, көптеген шаралар өз деңгейінде жүзеге асырылып жатыр. Табиғаттың көркі айналымызды қоршаған саялы бақтар мен орманды далалар, сексеуілдер мен жыңғылды алқаптар екені белгілі. Алайда әрбір орман қорықшысы ғана емес әрбір аудан, ауыл тұрғындары өрт қауіпсіздігіне бей-жай қарамай өз қол ұшын беруі керек. Темекі тұқылдарын кез келген жерге тастай салмай жауапкершілікпен өшіріп тастаса, тұтатқан шырпы қалдығының да алаңсыз өшкенін қадағаласа, үлкен өрттің алдын алған болар едік. Сонымен қатар, көпшілік қауым, ауыл тұрғындары қонақтарын ертіп табиғат аясына демалғанда жаққан оттың қалдықтарын өшірмей тастап кету де өртке себеп болады. Өйткені күннің бұзылуы, желдің өршуі өрт тудырады.

Мұрат ШЕШЕНҚАРАЕВ,
орман шаруашылығы мекемесінің
қорықшы-күзетшісі.

Орының болсын жәннаттың кең төрінен

Шолаққорған ауылының тұрғыны, асыл әке, қимас бауыр, ағайын-туыстың ортасында сыйлы болған ардақты жан **Смағұлтегі Әлішер Ибалыұлы** әкеміздің дүниеден өткеніне қырық күннің жүзі болып қалды. Асыл әкеміздің нұрлы бейнесі жүректерде сақтаулы.

Мейір шуақ шашып өттің көңілден,
Еңбегіңмен таптың бақыт өмірден.
Сыйлы едің көпшілік жұрт, туысқа,
Өнеге алып өстің ұрпақ өзіңнен.

Енді Алла шапағына бөленіп,

Орының болсын жәннаттың кең төрінен, - деп, асыл әкеміз Әлішер Ибалыұлының рухына бағыштап қырық күндік асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, замандастарының есіне саламыз.

Ас – 28 ақпан күні (27 ақпан – қонақ асы сағат 18:00-де) Шолаққорған ауылы, Сұлтанбекхан көшесіндегі өз шаңырағында сағат 12:00-де беріледі.

Асқа шақырушылар: жұбайы-Несібелі, ұл-қыздары, келіндері, немерелері, шөберелері.



Сыбайлас жемқорлық- заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекет-

қару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының

дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Ол үшін аталған дертке болып атсалысып, қарсы жұмылуымыз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық.

Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі-ол

Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ

тер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық паракорлық дертімен жиі бет-бет келеді. Сондықтан, көз келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі бас-

төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да паракорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі.

Әрине, сыбайлас жемқорлық дәрі беріп емдейтін сырқат емес. Айналасындағы салауатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныс-тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті

азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

«Әділдік жоқ жерде пара белең алады», «Дүние— байлық неге керек, денсаулығың болмаса, Төрелігің неге керек, халықтың көңілі толмаса» деген нақыл сөз сот саласында еңбек етіп жүрген қызметкерлердің де бағдары іспеттес. Шыныда да, біз әділ төрелік жасап, жемқорлықтан жоғары тұрған жағдайда ғана халық сеніміне ие боламыз.

Б.ЖҰПАРБАЙ,
Созақ аудандық сотының
аға сот приставы.

Паразитарлық аурулардың алдын алу

Паразиттік аурулар - гельминттер мен қарапайымдылар тудыратын аурулардың кең таралған тобы, олар адам ағзасында өмірлік циклден өтіп, қоректеніп, көбейіп, әртүрлі мүшелерге зақым келтіреді. Көбінесе паразиттік ауруларды құрттар, дөңгелек құрттар, шошқа және бұқа таспа құрттары, описторхтар, эхинококктар тудырады. Гельминттер тұрғындардың, әсіресе балалардың денсаулығына әртүрлі патологиялық әсер етеді. Паразиттер аллергияны тудырады, иммунитетті тежейді, соматикалық аурулардың дамуына ықпал етеді және емдеу мерзімін ұзартады, балалардың психикалық және физикалық дамуын тежейді. Дөңгелек құрттар адамның аш ішегінде паразиттік тіршілік етеді. Ұрықтанған аналықтар күніне 200 мыңнан астам дамымаған жұмыртқа бөледі. Егер адамның нәжісімен топыраққа түссе, олардың дамуы басталады. Инфекция гельминт жұмыртқаларын жұту арқылы пайда болады. Аурудың берілу факторлары - аскарида жұмыртқасымен ластанған жидектер, көкөністер, жемістер, су және кез-келген тұрмыстық заттар болып табылады. Сондықтан аскаридоздың алдын алуға елді мекендерді санитарлық абаттандыруға және топырақты нәжістің ластануынан қорғауға баса назар аударылады. Сонымен қатар, жеке гигиена ережелерін қатаң сақтау, жейтін шикі көкөністерді, жидектер мен жемістерді мұқият жуу маңызды. - Сізді және сіздің балаларыңызды паразиттік аурулардан қорғайды. Ауруды емдеуден гөрі оның алдын алу жеңіл!

Х.ОСПАНОВ,
Созақ аудандық СЭБ
басқармасының басшысы.

БЖЗҚ

Зейнетақы активтерін басқарушылар алдыңғы жылғы көрсеткіштен және 2024 жылғы инфляция деңгейінен асатын кіріс қамтамасыз етті

2024 жылдың қорытындысы бойынша БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқарушылар: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (ҚРҰБ) және инвестициялық портфельді басқарушылар (ИПБ) алдыңғы жылғы көрсеткіштен де, 2024 жылғы инфляция деңгейінен де (8,6%) едәуір асатын кірістілікті паш етті. Бұл зейнетақы активтерінің тиімді басқарылуы мен экономикалық жағдайларға бейімделу қабілетін көрсетсе керек. Қол жеткізілген көрсеткіштер портфельді инвестициялау мен әртараптандыру стратегиясын ұтымды таңдау нәтижесі.

2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ҚРҰБ пен ИПБ басқаруындағы зейнетақы активтерінің жалпы көлемі – 22 736,05млрдтеңге. Осы күнгі жағдай бойынша міндетті зейнетақы жарналары (бұдан әрі - МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (бұдан әрі - МКЗЖ), ерікті зейнетақы жарналары (бұдан әрі - ЕЗЖ) есебінен қалыптастырылған, ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ зейнетақы активтері 22 415 млрд теңге болды. ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (бұдан әрі – ЖМЗЖ) есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтерінің көлемі – 255,81млрд теңге.

ҚРҰБ басқаруындағы зейнетақы активтерінің инвестициялық портфелі

Ұлттық Банк, БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқарушы ретінде теңгерімді инвестициялық саясатты ұстанады: валюталар, елдер, секторлар және эмитенттер бойынша қаржы құралдарының сан-алуан түрлеріне инвестициялайды.

«Созақ үні»-ақпарат.

ӘУЛМЕЛІ АТАЖСҰРТ, КИЕЛІ ҚҰТ МЕКЕН...

**(Жалғасы.
Басы өткен санда).**

РАҢ АТА ӘУЛИЕ

Басына қойылған белгісі мен қабірі Созақ ауданы Раң ата ауылының оңтүстігіндегі Кеңсай қойнауына орналасқан. Раң ата ауылынан 1,5 шақырым оңтүстікте. Сағананың бұрынғы үлгісі 5х5 метр төртбұрышты, төбесі күмбезденген. Кейіннен құлап, үйінде төбешікке айналған. 2002 жылы Раң ата ауылының халқын ұйымдастырған Нышан Аманов атты азамат басына жаңадан кесене салдыруға ұйытқы болады. Ескі сағананың сыртын қоршай салынған жаңа сағана силикат қышпен өрілген, екі бөлмеден тұрады. Алдыңғы 3 х3 метрлік бөлменің төбесі күмбезделіп, еденіне кілем төселген. Зиярат етушілер осы бөлмеге кіріп, әулиеге бағыштап Құран оқиды, тілек тілейді. Екінші бөлме осы дәліз бөлмеге іргелес, жапсарлас салынған. Ескі сағананы қоршай салынған 8 х 8 метрлік төртбұрыштан тұрады. Раң ата әулиенің қабірі осы бөлмеде. Қабырға биіктігі-3 метр, қабырғасының қалыңдығы-25 сантиметр. Есігі солтүстік-шығысқа қараған.

Қазір бөлменің төбесі ашық. Қабырғаларының биіктігі 2-2,25 метр келеді. Қабырғаларының үстіңгі жағының қыштары айналдыра күмбезше үлгімен өрнектелген. Алдыңғы 3 x 3 метрлік шаршы бөлме «Телеует-хана бөлмесі» ретінде салынған. Темір есігі осы бөлменің шығыс қабырғасына орналасқан. Оңтүстік және солтүстік қабырғаларында 0,55 x 0,90 метрлік екі терезе орнатылған. Батыс қабырғасына Раң ата қабірі көрініп тұратындай етіп, есікше қалдырған. Бірақ бүгінде ол араны қышпен өріп, жауып тастаған.

Раң ата Ислам дінін насихаттау үшін Араб жұртынан келген насихатшы болған. Бұрын бұл кісіні Раң ата демей, тек Раң деп атаған. Раң ата деп кейін, соңғы кезде ғана атала бастаған. Раң ата басында әуелде сағана болмаған, тек тау тастарымен қоршалған үйінді топырақ болған. Алғашқы төртқұлақты шағын сағананы XX ғасырдың 40-шы жылдары Тілеубай атты ұста: «Осы Раң ата менің түсіме қайта-қайта кіріп жүр. Басына кішене бірдеңе тұрғызайын»-деп, күнде жалғыз өзі кесек құйып, төртқұлақты сағана тұрғызған. Сол саған көп жылдарға дейін тұрып, алғашында жауын көбірек тиетін тау жағы құлаған, қалған қабырғалары да бұзыла бастаған. Содан 2002 жылы Раң ата ауылының тұрғындарының қолдауымен қазіргі кесенесі салынған.

Әулиенің қасиеті-тарыққан мен жабыққанға күш-жігер беріп сүйеуші, жебеп-желеуші.

РЫСБЕК МОЛДА ДУАХАН (АҚҚОЛ АТА) ӘУЛИЕ

Бұл кісінің қабірі әулиенің қасында, Теріскейдегі Қарақұр ауылының батыс жағындағы «Теректі шеңгел» деген жерде орналасқан. Ол ескіше білімді болған. Адамға зиян келтіретін жылан, жын-перілері дуамен байлап тастайды екен. Қасиеті: tva ал-



май қиналып жатқан әйелдерді желеп-жебеуші рух. Ол көзінің тірісінде «Аққол ата» атанған. Оның қабірі туралы: «Теріскейдегі Қарақұр ауылының батыс жағындағы «Теректі шеңгел» қорымында Бекетай әулие мен замандасы Дуахан Рысбек қатар жатыр» дейді білетіндер. Қасиеті: Айы күні жеткен аяғы ауыр әйелдерге бас киімін, не бүркітін беріп жіберсе әйел аман-есен босанады екен. Әлі күнге дейін босанар мерзімі жеткен аналар алдын ала бұл кісінің әруағына тәу етеді, түнеп шапағат сұрайды.

САҚ АТА ӘУЛИЕ

Басына қойылған белгісі мен қабірі Теріскейдегі Қарақұр өзені бойындағы ежелгі «Илиан-қарағұр» қорғанында, қазіргі «Күлтөбе» іргесіндегі қорым ішінде орналасқан. Х-ХІІІ ғасырда өмір сүрген деген дерек бар. Ел арасындағы әңгімелерге қарағанда, Сақ әулие «Ысқақ бабтың баласы» екен. Бұл жөнінде дерек жоқтың қасы. Ел аузында «Сүйе-нерім-баба ата, жарылқай гөр Сақ ата!» деген сөз бар. Сондықтан ежелден келе жатқан осы сенімнің арқасында қарағұр өзенін жайлаған ел қауашылық жылдары Сақ атаның басына жиналып, мал сойып, Құран оқып, береке, жаңбыр тілейді. Шын тілегенге Сақ ата береді де. Елдің ардақты көп кісілері көз тірісінде өзінің денесін Сақ ата сағана-сы қасына, болмаса сол әулие орналасқан қорымға қоюды ұрпағына аманат етіп отырған. Сондықтан Сақ ата атымен аталатын қорымда Теріскей өңірінде өмір сүрген көптеген танымалы адамдар жерленіп келеді.

Сақ ата сағанасы салынған өзен бойы қалың ағашты. Сағана маңындағы ағаш, талдарға «Әулие ағаш» деп, жұрт тимейді, кеспейді, түбінде көп отырмайды. Бұталарына мата байлап, тәу етіп, дұға оқып өтеді. Сақ ата сағанасының дәл түбінде үлкен қаратал бар. Жуандығы тоғыз метрден асады. Ел әңгімесіне қарағанда, ағаш туралы екі түрлі әңгіме бар: бірінде, «Ол Сақ атаның асатаяғы екен, жерленген соң жаназашылар осы араға қадапты, атаның асы беріліп болғаннан кейін көгеріп, мәуелі ағаш болып өсіпті десе, екінші әңгімеде: «Әулие ата жерленгеннен соң, көп ұзамай осы ағаш өзінен-өзі шығыпты» дейді.

Қасиеті- сансыз жабырқағанды де-

мейтін күшті рух иесі. Түнде шырақ жанады. Әлі күнге дейін басынан кісі кетпейтіні осыдан болар. Қорымға келушілер алдымен Сақ атаны ауыздарына алып, одан соң барып ата-бабаларының аттарын атайды екен. Құранды да солай оқиды, құрбандықтарын да солай шалады екен.

ТӨБЕТ ӘУЛИЕ

Төбет әулие атымен аталатын орын Раң ауылының дәл ортасында орналасқан. Шамамен, биіктігі 3,0 x 3,5 метрдей төбенің үсті тегістеліп, Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне арналған ескерткіш қойылған. Төбені айналдыра темір шарбақпен қоршаған. Үш жағы: солтүстік, батысы және оңтүстігі жеке үйлермен байланысса, шығыс бөлігі ауыл ортасындағы үлкен асфальт жолға барып тіреледі. Төбенің оңтүстік-шығыс бөлігінің етегінде бір топ шенгел бар.

Рақ ауылының тұрғыны Тілеубек Ыбырайымұлы: «Төріскейдің ежелгі тұрғыны ретінде үлкендерден есіткенім мен өзіміздің көргенім бар, көңілге тоқығаным бар: сол туралы айтар болсам-деп бастады әңгімесін. -Төбет батырдың атымен аталатын орын қазіргі Қарақұр ауылының орны. Бұрын ол жер қалың ши, ал ортасында үлкен төбе болатын. Төбенің айналсы зират болатын, бірақ зираттар тегістеліп, жер болып кеткен. Ертеректе сол төбенің батысы мен солтүстік-батысы мал тұмсығы кіре алмастай қалың ну ши болып, ол төбеге дейін жалғасатын. Төбенің дәл іргесінде бұлақ болатын. Бұлақтың іргесінде дәу тал өсіп тұратын. Бұлақ суы ол кезде төмен ге дейін ағып жататын, бүгінде оның суы бұлақ көзінен онша ұзай қоймайды, өйткені іргесіндегі үйлер бақшасына бұрып алып, суын пайдаланады. Дегенмен ол бұлақ көзі күні бүгінге дейін бар. Оңтүстік беткейіндегі ши онша қалың емес, сирек. Үлкендер ол орынды «Төбет төбесі», «Төбет қорымы» дейтін, бала күнімде талай есткенмін. Кейін XX ғасырдың 60-шы жылдары елде ұжымшар ұйымдастырылған кезде таудың арғы, ішкі шағында отырған елді көшіріп әкеліп, сол Төбет төбенің айналасына қоныстандырды. Содан Қарақұр елді мекені құрылып, ұжымшар орталығы болады. Төбенің айналасындағы қалың ши елдің аяғы мен малдың тұяғы

астында қалып жойылып кетті. Тек соңғы кездері сол төбенің оңтүстік-шығыс етегінде шағын шеңгел пайда болды, ол шеңгелдің қалдығы бүгінгі таңда да бар. Бала күнгі есіткен әңгімелерден есімде қалғаны сол шеңгел шыққан жерде Тәует батыр жерленген деуші еді. Үлкендер ары бері өтіп жүріп, көліктерінен түсіп отыра қалып сол шеңгелге қарап құран оқитын, біздерге де: «Бұл қасиетті жер, әулиелі мекен, киелі қорым. Мұнда талай азаматтар жатыр. Сондықтан бұл орынды аяқасты етуге бұл арада бейберекет сөздер айтуға болмайды. Мүмкіндігінше, білген құранды оқып, дұға жасап жүрген дұрыс» деп ескертіп отыратын.

Дегенмен бұл орынға ел көшіп келіп, орныққан соң кешегі Кеңес өкіметі кезінде партия белсенділері төбенің басына Ұлы Отан соғысының ардагерлерне арнап, ескерткіш орнатты. Сол кезде осы өңірдің тарихын білетін кейбір қариялар: «Мұнысы несі, бұл көне зираттың орны. Әрі осы өңірдегі қасиетті де киелі орынның бірі еді, басқа жерге қойса болмас па еді?!» деп қарсы шығыпты. Бірақ олар: «Биік жерде тұру керек» деп құлақ аспапты, ата-бабаларымыздың өткен тарихын ескерместен, тіпті киелі әруақтан қорықпастан өз дегенін істепті. Содан Жеңіс күніне байланысты жиын-мерекелердің бәрі сол арада өтетін болды. Айналасында орналасқан ескі қорымның бәрі аяқ асты болып, тегістеліп кетті. Тіпті бүгінде ол жерде ескі қорымның болғанын, онда ертеректе елге танымал болған қасиетті де әулиелі адамдардың жерленгенін ел-жұрт ұмыта бастады. Және Төбет төбені «Тәует төбе» деп жаңсақ айта бастады. Негізгі шын аты-Төбет төбе. Үлкендерден есіткен әңгімеден еміс-еміс есімде қалғаны Төбет деген батыр болған екен, елге қамқоршы қорған болған деседі. Шын емісі Төбет болмаса керек, бірақ батырлығы мен өжеттігіне қарай және қазақтың әйелдерінің атын атамау дәстүріне қарай салыстырмалы түрде «Төбет» деп әжелеріміз атап кетсе керек. Содан тарихта өз аты ұмытылып «Төбет батыр» деген атпен аты қалған, яғни жайдан жай ел есінде сақталмаса керек. Бір білерім-Төбет батыр Әуке аңаның ері, үлкендер солай айтып отырушы еді.

ҰЗЫН ӘУЛИЕ

Қарақұр өзенін жағалай қоныстанған ескі Қарақұр қыстағына кіре берістегі үлкен төбенің жиегінде ұзындығы 6-7 қадамдай қорым бар. Бұл кісіні жергілікті халық «Ұзын әулие» дейді. Үстіне тас үйіп, белгі жасалған, бірақ қоршауы жоқ. Ерте-ректе қорымда шырақ жанып тұрады екен. Білетін ескі кісілер көлігінен түсіп, Құран оқып кетеді.

Алып ата адуын күштің, адалдықтың рухы көрінеді. Қоңыраттың жетімдер руынан шыққан. Сыйынып барған сый көп деседі. Бәле-жаладан, жын-сайтаннан қорғайды.

**Басылым беттерінен
алып жинақтаған:
Мақсат ҚАРҒАБАЙ.
(Жалғасы бар).**

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

**"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі**

Директор:
Абилпаттаев Ержан
Бакытжанович

**Бас редактордың уақытша
міндетін атқарушы:
Мақсат Қарғабай**

Жауапты хатшы:
Максат Карғабай

Редакция құрамы:
Аға тілші-
Данияр БЕКОВ
Тілшілер-
Нурсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайншы-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терімші-
Багила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Қуамш КЕРІМКҰЛОВ

Қолжазбалар өңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен еңі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданабды.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрілігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басшылығы, ақпарат агенттігі және желілік басшылығы есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Тәшенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген